

"Қазақстан Республикасы және Канада арасындағы Қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 46 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы және Канада арасындағы Қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасы және Канада арасындағы
Қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек
көрсету туралы шартты бекіту туралы**

2003 жылғы 25 маусымда Оттава қаласында жасалған Қазақстан Республикасы және Канада арасындағы Қылмыстық істер жөніндегі өзара құқықтық көмек көрсету туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Қазақстан Республикасы және Канада арасындағы
Қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек
көрсету туралы
шарт**

Қазақстан Республикасы және Канада, бұдан әрі Тараптар деп аталады: ынтымақтастықты және қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсетуді негізге алып, екі мемлекетте қылмыстарды тергеудің, қылмыстық қудалау мен оның алдын алудың тиімділігін арттыру мақсатында төмендегі туралы келісті:

I-бөлім. Жалпы ережелер

1-бап

Өзара құқықтық көмек көрсету

1. Тараптар осы Шартқа сәйкес бір-біріне қылмыстық істер жөнінде өзара құқықтық көмек көрсетуге міндеттенеді.

2. Өзара құқықтық көмек көрсету деп сұратылғанына немесе оны сот не қандай да болмасын өзге орган көрсетуі тиіс екеніне қарамастан Сұраныс жасалған Тарап жүргізіп жатқан қылмыстық тергеу немесе қудалаудың мәселелері жөнінде Сұраныс жасаған Тарапқа көрсетілетін көмекті айтады.

3. "Қылмыстық істер" деген термин мынаны білдіреді:

Қазақстан Республикасы үшін - қылмыстық қудалаудың мәселелері жөнінде соттың және құқық қорғау органдарының қарау құзыретіне жататын істер;

Канада үшін - Парламент шығарған заңға немесе провинцияның заңнамасына сәйкес қылмыс болып табылатын әрекеттерге қатысты тергеу және соттық қудалау.

2-бап

Құқықтық көмектің көлемі

Қ ұ қ ы қ т ы қ к ө м е к к е :

- a) адамдар мен заттардың табылуы және сәйкестендіру;
- b) құжаттарды, соның ішінде адамның жеке келуі туралы сұраныс жасалған жөніндегі құжаттарды тапсыру;
- c) ақпарат пен құжаттар беру;
- d) заттарды, соның ішінде заттай дәлелдемелерді уақытша тапсыру;
- e) тінту және алу;
- f) дәлелдер мен айғақтарды жинақтау
- g) құқықтық көмек көрсету туралы өтінішін орындау кезінде Сұраныс жасаған Тараптан адамдардың қатысуына рұқсат беру;
- h) жауап беруге немесе тергеуде көмек көрсету үшін қамауда отырған адамдардың келуін қамтамасыз ету;
- i) куәгерлердің келуін қамтамасыз етуде немесе тергеу жүргізіп жатқан адамдарға көмек көрсету;
- j) қылмыстық жолмен алынған кірістерді табу, тыйым салу және тәркілеу жөнінде шара л а р қ а б ы л д а у ;
- k) егер осы Шарттың мақсатына қарама-қайшы келмейтін болса, өзге де құқықтық көмек көрсету жатады.

3-бап

Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштер Сұраныс жасаған Тараптың заңнамасына сәйкес және егер бұған тыйым салынбаса, Сұраныс жасалған Тараптың белгіленген тәртібі бойынша кідіріссіз орындалады.

2. Сұраныс жасалған Тарап тиісті сұраныс бойынша Сұраныс жасаған Тарапқа құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің орындалу күні мен орны туралы ақпарат б е р е д і .

3. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілген адамдарға оның орындалу кезінде Сұраныс жасалған Тараптың заңнамасымен тыйым салынбаған көлемде қатысуға рұқсат беріледі.

4-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту немесе кейінге қалдыру

1. Егер Сұраныс жасалған Тараптың пікірі бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау оның егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке, елеулі мемлекеттік мүдделеріне зиян келтіретін немесе қандай да болмасын адамның қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, құқықтық көмек көрсетуден бас тартуы мүмкін.

2. Егер құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау Сұраныс жасалған Тарапта тергеу жүргізуге немесе соттық қудалауға кедергі жасауы мүмкін болса, Сұраныс жасалған Тарап құқықтық көмек көрсетуді кейінге қалдыруы мүмкін.

3. Сұраныс жасалған Тарап Сұраныс жасаған Тарапқа құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті толық не ішінара орындамауы немесе оның орындалуын кейінге қалдырғаны туралы өз шешімін дәлелдей отырып, кідіріссіз ақпарат береді.

4. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындаудан бас тартар немесе оның орындалуын кейінге қалдырар алдында Сұраныс жасалған Тарап қажет деп тапқан шарттармен қатар құқықтық көмек көрсетудің барлық мүмкіндіктерін қарастырады. Егер Сұраныс жасаған Тарап осы шарттармен көмекті қабылдаса, онда ол соларды сақтауы керек.

II-бөлім. Арнайы ережелер

5-бап

Адамдар мен заттардың табылуы және сәйкестендіру

Сұраныс жасалған Тараптың құзыретті органдары құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілген адамдар мен заттардың орналасқан жерін анықтау және оларды сәйкестендіру үшін бар күшін салады.

6-бап

Құжаттарды тапсыру

1. Сұраныс жасалған - Тарап осы мақсатта берілген құжаттарды тапсыруға міндет а л а д ы .

2. Сұраныс жасаған Тарап жауап беруге тағайындалған немесе келу мерзіміне дейінгі уақыт аралығында Сұраныс жасаған Тарапқа жауап беруді немесе келуді туындыратын құжатты тапсыру туралы өтінішті хабарлайды.

3. Сұраныс жасалған Тарап Сұраныс жасаған Тараппен көрсетілген әдіспен құжаттардың тапсырылуын растауды жолдайды.

7-бап

Ақпараттар, құжаттар мен заттарды беру

1. Сұраныс жасалған Тарап жұртшылыққа белгілі ақпаратты және құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен органдардың құжаттарын беруге м і н д е т т е н е д і .

2. Сұраныс жасалған Тарап мемлекеттік орган немесе мекеме иемденетін, бірақ жұртшылыққа жария болып табылмайтын ақпаратты, құжат пен затты, егер оларды өзіндік құқық қорғау және сот органдары бергендей қып, сол көлемде және сол ш а р т т а р м е н б е р е д і .

3. Егер Сұраныс жасаған Тарап түпнұсқаны сұрамаса, Сұраныс жасалған Тарап құжаттардың расталған көшірмелерін береді.

4. Сұраныс жасаған Тарапқа берілген құжаттардың түпнұсқалары мен заттар Сұраныс жасалған Тарапқа тез арада қайтарылады, соңғының сұранысы бойынша.

5. Сұраныс жасалған Тараптың заңнамасымен тыйым салынбағандықтан, Сұраныс жасаған Тараптың заңнамасына сәйкес олардың сұрауалылығын қамтамасыз ету мақсатында Сұраныс жасаған Тараппен көрсетілген түрде құжаттар мен заттар беріледі немесе расталады.

8-бап

Тінту және алу

1. Сұраныс жасалған Тарап тінтуді және алуды жүргізу туралы өтінішті орындауға м і н д е т т е н е д і .

2. Тінту және алуды жүргізген құзыретті орган сәйкестендіруге, жағдайға, құжаттар мен заттардың толықтылығы мен иелік тарихына және алу жүргізілген жағдайға қатысты Сұраныс жасаған Тараптың сұраған ақпаратын береді.

9-бап

Дәлелдерді жинақтау

1. Қажет болған жағдайда көрсетпелер беруді және құжаттарды немесе заттарды көрсетуді талап етілген Сұраныс жасалған Тараптың адамы Сұраныс жасалған Тараптың заңнамасына сәйкес көрсетпелер беру және осы құжаттар мен заттарды көрсету үшін құзыретті органға немесе сотқа шақырылады.

2. Сұраныс жасалған Тараптың заңнамасымен тыйым салынбаған көлемде және тәртіп бойынша Сұраныс жасаған Тараптың мемлекеттік қызметшісіне және құқықтық көмек көрсету туралы өтініште көрсетілген өзге адамға осы өтінішті орындау кезінде қатысуға және Сұраныс жасалған Тараптың аумағында жүргізілетін процеске қатысуға р ұ қ с а т б е р і л е д і .

3. Процеске қатысу құқығына сауал қою құқығы жатады. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің орындалу кезінде қатысатын адамдарға процессуалдық әрекеттерді сөзбе-сөз жазуға рұқсат етіледі. Осындай сөзбе-сөз жазбаны жүзеге асыру үшін техникалық құралдарды пайдалануға рұқсат беріледі.

10-бап

Дәлелдер келтіру немесе тергеуде көмек көрсету

Сұраныс жасаған Тараптың өтініші бойынша Сұраныс жасалған Тарап адамды тергеуде көмек көрсету үшін немесе Сұраныс жасаған Тарапқа куәгер ретінде келуге шақырады және оның келісімін сұратады. Сонымен қатар Сұраныс жасаған Тарап өтініште барлық төлем шығындары туралы ақпарат береді.

11-бап

Жауап беруге немесе тергеуде көмек көрсету үшін қамауда отырған адамдардың келуін қамтамасыз ету

1. Сұраныс жасаған Тараптың талабы бойынша Сұраныс жасалған Тараптың юрисдикция шегінде қамаудағы адам тергеу жүргізуге көмек беру үшін немесе процесте куәгерлік көрсетпелер беруге өз еркімен келісім берген және осы адамды тапсыруға кедергі жасайтын негіздемелер болмаған жағдайда Сұраныс жасаған Тараптар уақытша тапсырылуы тиіс. Сұраныс жасаған Тарап осы адамды қамауда ұстауға және сұраныс аяқталғаннан кейін оны Сұраныс жасалған Тарапқа қайтаруға т и і с .

2. Ұйғарылған үкімнің мерзімі біткен жағдайда немесе Сұраныс жасалған Тарап Сұраныс жасаған Тарапқа осы адамды қамауда ұстаудың қажеті жоқ екенін хабарласа, осы адам босатылуы тиіс және оған қатысты осы шарттың 10-бабының ережесі қолданылады.

12-бап

Қауіпсіздік кепілдіктері

1. Сұраныс жасаған Тараптың аймағындағы адамның осы аймақта болуы қажет екені туралы өтінішке сәйкес, 11-бапта (1) көрсетілген жағдайлардан басқа, қандай да болмаған жағдайда оның қамауға алынуы немесе жеке бостандығына кез келген өзге шектеулерге душар болуы мүмкін емес; сондай-ақ осы адам қандай да болмасын әрекеттері немесе осы адамның Сұраныс жасалған Тараптың юрисдикциясынан шығуды тудыратын әрекетсіздігі үшін қылмыстық қудалауға душар болуы мүмкін емес .

Бұндай кепілдіктер, егер де бұл адам мұндай әрекеттерді және әрекетсіздіктерді Сұраныс жасаған Тараптың аймағында жасағаны үшін өзін кінәлі деп есептесе, сондай-ақ осы өтінішке қатысты емес басқа қандай да бір іске жауап беруге міндетті болмаған жағдайда беріледі.

2. Егер адам Сұраныс жасаған Тараптың юрисдикциясын тастап кетуге мүмкіндігі бола тұра, оның енді болуы қажет емес екені туралы ресми хабар алған күннен бастап 30 күн ішінде оны тастап кетпесе немесе осы юрисдикциядан кетіп, осы адам өз еркімен оған қайтып келген жағдайда осы баптың 1-бөлігін қолдануға болмайды.

3. Сұраныс жасаған Тараптың юрисдикциясына келуден бас тартқан кез келген адам осы үшін Сұраныс жасалған немесе Сұраныс жасаған Тарапта ешқандай санкцияларға не мәжбүрлеу шараларға тартылуы мүмкін емес.

13-бап

Қылмыс жолымен алынған кірістер

1. Сұрау жасалған Тарап өтініш бойынша оның аймағында қылмыстық жолмен алынған қандай да бір кірістердің білінгенін анықтау үшін барлық күш салынады және өзінің күшінің нәтижесі туралы Сұраныс жасаған Тарапқа хабарлайды.

2. Егер осы баптың 1-тармағына сәйкес жобамен қылмыстық жолмен алынған кірістер табылса, Сұрау жасалған Тарап оларды тәркілеу және тыйым салу мақсатында заңда көзделген шараларды қолданады.

3. Тараптар әрбір нақты жағдайда қылмыстық жолмен алынған және осы кірістерге үшінші тараптың құқықты болуын есептей отырып, осы баптың ережелеріне сәйкес жіберілген құқықтық көмек көрсету туралы өтінішке байланысты тәркіленген кірістерді беру туралы келіседі.

III-бөлім. Рәсім

14-бап

Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштердің мазмұны

1. Барлық жағдайда құқықтық көмек көрсету туралы өтініште:

- a) өтініш жасалған тергеу немесе соттық қудалау жүргізетін құзыретті орган;
- b) қабылданатын заңдар мәтіндерінің көшірмесі және нақты міндеттемелердің қысқаша мазмұнымен тергеу немесе сот қудалауының сипаты;
- c) сұранып отырған көмектің мазмұны және беріліп отырған өтініштің мақсаты;
- d) сақталуға тиісті құпиялылықтың дәрежесі және тиісті дәйектемесі;
- e) өтініштің орындалу мерзімі көрсетілуі керек.

2. Келесі жағдайда құқықтық көмек көрсету туралы өтініште:

a) қылмыстық жолмен алынған кірістерді тәркілеу және тыйым салуда немесе тінту және алуды жүргізу кезінде табылған дәлелдердің жиынтығы туралы өтінішті жіберген жағдайда қылмыстық жолмен алынған кірістер немесе дәлелдемелердің Сұрау жасалған Тарап аймағында табылуы мүмкін екендігін дәлелдейтін ақпаратының болуы;

b) адамдардан алынған айғақтардың жиынтығы туралы өтінішті жіберу кезінде - антпен немесе салтанатты өтінішпен бекітілген немесе заңды жолмен көрсетуінен, сондай-ақ сұралған айғақтар мен арыздардың мәнін сипаттауда айғақтардың талап етілуі ;

c) заттай айғақтарды уақытша беру кезінде - Сұрау жасалған Тараптың аймағындағы заттай айғақтардың негізгі орналасқан жері және Сұраныс жасаған Тарапта заттай айғақтарды сақтайтын адамдарды немесе адамдардың санаты, жүргізілуге тиісті кез келген тексерісте заттай айғақтарды әкелу орны және оларды қайтару күні ;

d) қамауда ұсталып отырған адамдардың келуін қамтамасыз ету кезінде - беру кезінде оларды қамауда ұстайтын адамдар немесе адамдардың санаты, әкелу орны және оларды қайтару күні көрсетілуі керек.

3. Қажетті жағдайда және мүмкіндігінше құқықтық көмек көрсету туралы өтініште:
- а) адамның жеке тұлғасы, азаматтығы мен мекен-жайын немесе тергеу немесе сот қудалауы жүргізілетін адам;
 - б) Сұрау жасалған Тараптың пікірі бойынша орындалуға тиісті кез келген нақты рәсімнің немесе талаптардың толық сипатын және тиісті дәйектемесі көрсетілуі тиіс.
4. Егер Сұрау жасалған Тарап құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау үшін ақпарат толық емес деп есептесе, ол қосымша ақпаратты сұрай алады.
5. Өтініш жазбаша түрде жасалады. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті кейінге қалдыруға болмаған жағдайда ауызша жасалады, бірақ бұдан кейін кідіріссіз жазбаша түрде бекітілуі тиіс.

15-бап

Орталық органдар

Осы Шарттың мақсаттары үшін орталық органдар барлық құқықтық көмек көрсету туралы өтініштерді береді және алады. Орталық органдарға:

Қазақстан Республикасы тарапынан - Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы;

Канада тарапынан - Әділет министрлігі немесе оған өкілетті ресми тұлға жатады.

16-бап

Құпиялылық

1. Сұрау жасалған Тарап Сұраныс жасаған Тараппен өткен кеңестен кейін ақпараттар мен дәлелдерді, сондай-ақ олардың көздерін құпияда сақтауға немесе Сұрау жасалған Тарап нұсқай алатын жағдайға сәйкес қана жариялауға немесе пайдалануға болатынын талап ете алады.

2. Сұрау жасалған Тарап өтініш, оның мазмұнын тіркеме құжаттары мен өтінішке сәйкес қабылданған кез келген іс-әрекеттің құпияда сақталуын талап ете алады. Егер өтініш құпиялықты бұзбау арқылы орындай алмаса, онда Сұрау жасалған Тарап өтініштің орындалуына дейін Сұраныс жасаған Тарапқа бұл жайында хабарлауы және өтініш кез келген жағдайда орындалуы мүмкін бе, соны соңғысы анықтауы керек.

17-бап

Ақпараттар мен дәлелдеме материалдарын пайдалануды шектеу

Сұрау жасалған Тарап ақпаратты немесе дәлелдемелерді Сұраныс жасаған Тараптың орталық органының алдын ала келісімінсіз құқықтық көмек көрсету туралы

өтініште көрсетілгеннен басқа өзге мақсаттарда жариялануы немесе пайдалануы мүмкін емес.

18-бап

Куәлік

Осы Шартқа сәйкес берілген құжаттар мен заттар қандай да бір куәлік нысанын талап етпейді, осы Шарттың 7-бабында көрсетілген жағдайлардан басқа.

19-бап

Тілі

Қазақстан Республикасынан жолданған сұранымдар мен оның қосымша құжаттары ағылшын немесе француз тілдеріндегі аудармасымен жіберілуі керек. Канададан жолданған сұраным және оның қосымша құжаттары қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен берілуі керек.

20-бап

Құқықтық көмек көрсетуге байланысты шығыстар

1 . Е г е р д е :

а) Сұраныс жасалған Тараптың өтінішімен Сұрау жасалған Тараптың аймағына немесе оның аймағынан адамды әкелуге байланысты шығыстарды және осы Шарттың 10 немесе 11-баптарына сәйкес өтінішке байланысты Сұраныс жасалған Тараптың аймағында болған кезіндегі осы адамға төленетін барлық шығындарды;

б) сарапшылар және олардың қалам ақыларының шығындарын;

с) жазбаша және ауызша түрдегі аудармалар мен хаттамаларды жүргізуге байланысты шығындарды Сұраныс жасаған Тарап өзіне алған жағдайда ғана, Сұрау жасалған Тарап құқықтық көмек көрсету туралы өтініштерді орындауға байланысты шығыстарды өзіне алады.

2. Егер құқықтық көмек көрсету туралы өтініш төтенше шығындарды талап ететіндігі айқындалса, Тараптар сұранып отырған құқықтық көмектің көрсетілу мүмкіндігін анықтау мақсатында кеңеседі.

IV-бөлім. Қорытынды ережелер

21-бап

Басқа құқықтық көмек

Осы Шарт басқа шарттарға, келісімдерге және өзге уағдаластықтарға сәйкес, Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды, сондай-ақ басқа шарттар мен келісімдерге сәйкес Тараптардың бір-біріне көмек көрсетуіне немесе көмек көрсетуді жалғастыруына кедергі келтірмейді.

22-бап

Кеңестер

Тараптардың біреуінің өтініші бойынша Тараптар кідіріссіз осы Шартты пайдалануға және түсіндірме беруге қатысты кеңестер өткізеді.

23-бап

Өзгертулер мен толықтырулар енгізу

Тараптар өзара келісім бойынша осы Шарттың мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

24-бап

Шарттың күшіне енуі және оның күшінің жойылуы

1. Тараптар шарттың заңды күшіне енуі үшін қажетті барлық ішкі заңды рәсімдерінің орындалуы туралы бір-біріне жазбаша хабарлағаннан кейін осы Шарт 30 күн өткен соң заңды күшіне енеді.

2. Осы Шарт қабылданғанға дейін орын алған құқық бұзушылықтарға қатысты құқықтық көмек көрсету туралы жолданған барлық өтініштерге де қолданылады.

3. Осы Шарттың күшін Тараптардың кез келгені жол алады. Тараптардың біреуі Шарттың күшін жою туралы екінші Тарапқа ресми жазбаша хабарлаған күннен бастап алты айдан кейін осы Шарт өз күшін жояды.

4. Осы Баптың 3-бөлігіне сәйкес алынған Шарттың күшін жою туралы хабарлауға қарамастан, Тараптар бұндай хабарлауды алғанға дейінгі жасалған құқықтық көмек көрсету туралы сұранымды орындай береді.

Бұны растау үшін, біз төменге қол қойғандар, өзіміздің үкіметтерімізге сәйкес өкілетті өкілдер, мына Шартқа қол қойдық.

2003 жылдың 25 маусым екі данада, әрқайсысы қазақ, орыс, ағылшын, француз тілдерінде жасалды, барлығының мәтіндері бірдей күшке ие.

Қазақстан Республикасы

Канада

үшін

үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК